

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы № 25

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК

Тобы: «Ақбота» әр түрлі жастағы тобы

Балалардың жасы: 4, 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 17 ақпан – 21 ақпан 2025 жыл

Тәрбиешілер: Капасова А.С

Болат Г.Д

Күн тәртібі	Дүйсенбі 17.02.2025	Сейсенбі 18.02.2025	Сәрсенбі 19.02.2025	Бейсенбі 20.02.2025	Жұма 21.02.2025
Балаларды қабылдау	Балаларды профқарау: дене қызуын өлшеу, қолдарын антисептикпен өңдеу. Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы аламыз, күннің қалай өтуі жайында әңгімелесеміз, олардың тілектерін тыңдаймыз (сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, ойын әрекеті) Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе! Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен келесі сұрақтар бойынша жеке әңгімелесулер: баланың жағдайы, денсаулығы жайлы, баланың үйдегі күн тәртібі жайлы, тәрбиесі, дамуы және жеткен жетістіктері жайлы. Кеңестер беру.				
Ойындар: үстел үсті, саусак, сөздік, дидактикалық. Еңбек қызметі.	<p>Таңғы шеңбер (музыка тыңдау – шығармашылық ойын әрекеті) Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам!</p> <p>Қазақстан Республикасының Әнұраны Әңгімелесу: «Қыс мезгілдері» (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті, танымдық ойын әрекеті) Міндеттері: қыс мезгілінің табиғи ерекшеліктерін меңгерту, сурет бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айтуға дағдыландыру. Тіл мәдениетін қалыптастыру. Табиғат бұрышындағы, ойын бұрышындағы еңбек. (Қоршаған ортамен танысу – еңбек ойын әрекеті) Міндеттері: табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Апталық тақпақ: Жасыл көктем келеді Самал беттен өбеді. Көкте бұлттар көбейсе Мөлдір тамшы төгеді. (көркем әдебиет – коммуникативті ойын әрекеті) Сөздік қоры: Қайырлы таң! Қайырлы күн! Қайырлы кеш!</p>				
Таңғы гимнастика	Дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша.				
Таңғы ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша.				

	<p>Тақпак: (қазақ тілі - коммуникативтік ойын әрекеті, сөздік жұмыс: билейік, ән айтамыз, ауа, қар, жел, суық, ыстық жылы) Ас - адамның арқауы, Тамақты ішкін күнде сен. Деген сөз бар ежелден, Белгілі бір мезгілде, Бойға сіңіп тарқауы (көркем сөзін қолдану) Сөздік қоры: рақмет!</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіке дайындық	<p>Ұжымдық дайындық іс – әрекетке. Дид.ойын: «Ненің баласы?» Міндеттері: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Ұжымдық дайындық іс – әрекетке Дид.ойын: «Көленкесін тап» Міндеттері:Ойын арқылы балалардың шығармашылығын, ойлау қабілетін,тіл байлығын дамыту.</p>	<p>Ұжымдық дайындық іс – әрекетке. Дид.ойын: «Көршісін тап» Міндеті: санды салыстыруға және көршілес екі санның қайсысының екіншісінен үлкен немесе кіші екенін анықтауға жаттықтыру, жиынтықты көбейтуге үйрету.</p>	<p>Ұжымдық дайындық іс – әрекетке. Сюжетті ойын: «Балабақша» Міндеттері: Тәрбиеші балаларды қабылдап, таңертеңгілік жаттығуды өткізеді, ойнатады</p>	<p>Ұжымдық дайындық іс – әрекетке. Дид.ойын:«Отбасы мүшелерін ат» Міндеттері: Отбасы мүшелерін атау,(ата, әже, әке, ана, аға, қарындас,сіңлі,әпке, іні) т.б өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.</p>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының аясында «Smart bala» жобасы. Сөйлеуді дамыту (коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Сурет бойынша әңгіме құра» Міндеттері: Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін</p>	<p>Сауат ашу негіздері (коммуникативті, танымдық ойын әрекеті) МАД Дид.ойын: «Кім көп сөйлем құрайды?» Міндеттері:Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.</p>	<p>Сауат ашу негіздері (коммуникативті, танымдық ойын әрекеті) МАД Дид.ойын: «Кім жылдам?» Міндеттері: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p>	<p>Сауат ашу негіздері (коммуникативті, танымдық ойын әрекеті) МАД Ойын: «Кім жылдам?» Міндеттері:Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.</p>	<p>Көркем әдебиет (коммуникативтік, ойын әрекеті) Сурет бойынша әңгіме құрастыру: «Керемет қыс мезгілі» Міндеттері: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс</p>

<p>түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. (ересек топ) Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. (МАД) Сөздік қоры: бірінші, екінші, үшінші Математика негіздері (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеті) Дид. ойын: «Кеңістік бағыттарын тап» Міндеттері: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), (ересек топ) Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. (МАД) Сөздік қоры: алға, артқа, оңға, солға, жоғары, төмен</p>	<p>Сөздік қоры: қыс қызығы. Математика негіздері – (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Ойын: «Кім ұзын» Міндеттері: Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету. (ересек топ) Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау. (МАД) Сөздік қоры: бүгін, ертең, кеше, қанша болды? қаншасы болды? Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары</p>	<p>Сөздік қоры: әке, ана, әже, ата. Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру (шығарашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) Ойын: «Үй құрайық» Міндеттері: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. (ересек топ) Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. (МАД) Сөздің қоры: мата, тері, жіп, кенеп, жүн, жіп. Көркем әдебиет (коммуникативтік, ойын әрекеті) Ертегі: «Санамақ» Міндеттері: Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді,</p>	<p>Сөздік қоры: әке, ана, әже, ата. Сөйлеуді дамыту (коммуникативті, танымдық ойын әрекеті) Дид. ойын: «Қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстыру» Міндеттері: Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. (ересек топ) Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. (МАД) Сөздік қоры: асар, сүйінші сұрау. Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының</p>	<p>өнеріне баулу (ересек топ) Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру (МАД) Сөздік қоры: жұмбақ шешу, айтыс. Математика негіздері (коммуникативтік, танымдық, ойын әрекеттері) Дид. ойын: «Зат неге ұқсайды?» Міндеттері: заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (ересек топ) Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау. (МАД)</p>
--	--	---	--	---

	<p>Қазақ тілі (шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Ойын: «Кім жылдам» Міндеттері: Қазақ тіліне тән ө, қ, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу (ересек топ) Заттың атын, санын, сынын, кимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. (МАД) Сөздік қоры: Музыка – (шығармашылық ойын әрекеті) Ән: «Ана» Міндеттері: музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. (ересек топ) Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. (МАД)</p>	<p>бойынша) Қоршаған ортамен таныстыру (танымдық ойын әрекеті) Дид.ойын: «Менің өміріме маңызды заттар» Міндеттері: Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыруды жалғастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау. (ересек топ) Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну. (МАД) Сөздік қоры:су, мен, күн</p>	<p>санамақтарды жатқа айтуға баулу. (ересек топ) Айналасында болып жатқан оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге құлшынысын дамыту, сөйлегенде мақал-мәтелдерді қолдануға баулу. (МАД) Сөздік қоры: бас бармақ,балаң үйрек, ортан терек,шылдыр шүмек,кішкентай бөбек. Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)</p>	<p>жұмыс жоспары бойынша) Қазақ тілі (шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Кім көп сөз жасайды?» Міндеттері: Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «женге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы, отбасылық мерекелер, отбасындағы қызықты оқиғалар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу. (ересек топ) Тілдік және артикуляциялық аппараты, тыныс алуды және таза дикцияны дамытуды жалғастыру. (МАД) Сөздікқоры: жиен,сіңлі нағашы,жезде.</p>	<p>Сөздік қоры:Ақпан,Наурыз, Сәуір. Қоршаған ортамен таныстыру (танымдық ойын әрекеті) Дид.ойын: «Қамқор болу» Міндеттері: Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, қар, бұршақ, кемпірқосақ, боран) кеңейтуді бекіту. Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды бекіту (ересек топ) Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату. (МАД) Сөздік қоры:тазалық, еңбек ету. Музыка (шығармашылық ойын әрекеті) (МАД) Би: «Көк жигули»</p>
--	---	---	--	---	---

	Сөздік қоры: ән, әуен.				Міндеттері: Музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отыру. Сөздік қоры: секіру,
№ 1 серуенге дайындық	Серуен №1. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті)				
№ 1 серуен	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) Бұлтты бақылау Міндеттері: балаларға бұлттың неге ұқсайтынын, қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу Еңбек: Учаскедегі гүлдерге су құю. (Еңбекке қызметі). Көркем сөз: «Бұлт» Қ. Әлімқұлов Түрленді дала, бау-бакша Құлпыра қалды тау жақта Қара бұлтты жел қуып Жөкеп берді аулаққа Қимылды ойындар. «Түсті автокөліктер» Міндеттері: дәлдікті,</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) Құстарды бақылау Міндеттері: құстардың аттарын атап үйренеді. Қарға мен сауысканның айырмашылығын табуға жаттықтырады. Еңбек әрекеті: Ауланы қардан тазалау. Міндеттері: Балалардың күзгі еңбек дағдыларын қалыптастырады. Қимылды ойын: «Кім жылдам» Міндеттері: балалардың бойындағы зейінділік сезімталдық, ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту. Еркін ойын Сөздік қор: қыс, жаңбыр.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) Қарды бақылау Міндеті: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Еңбек әрекеті: құстар үшін жемсалғыш жасап, оны ағашқа іліп қою, жем салу. Міндеті: қыстаған құстарға, хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Хоккей» Міндеттері: балалардың бойындағы зейінділік сезімталдық, ұйымшылдық, ептілік сияқты қабілеттерін дамыту.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) Қар (ұлпаларынын) ұшқындарына бақылау жүргізу. Міндеті: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауға ұсыну. Еңбек: қар қамал жасауға балаларды үйрету. Қимылды ойын: «Қар лақтыру». Міндеттері: жылдамдық, көмек беру қасиеттерін жетілдіру.</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) Құстарды бақылау Міндеттері: құстардың аттарын атап үйренеді. Қарға мен сауысканның айырмашылығын табуға жаттықтырады. Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау. Міндеттері: аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аққала жасау». Міндеттері: Ойын шартының дұрыс орындалуын бақылау, ойын кезінде байқампаз болуға баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту.</p>

	<p>қимылдарды үйлестіруді дамыту. Жеке жұмыс Міндеттері: заттарды көлемі бойынша топтастыру. Еркін ойындар. Сөздік қоры: шөп, ағаш.</p>		<p>Еркін ойын Сөздік қор: коньки, шайба, шаңғы тебу.</p>	<p>Сөздік қор: коньки, шайба, шаңғы тебу.</p>	<p>Міндіттері: арқасымен алға қарай жүруге жаттықтыру. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу.</p>
Серуеннен оралу	<p>Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар Тазалықты іздесең Мөлдір судан аласың Жиі-жиі жуынсаң Аппақ таза боласың. (еңбек әрекеті)</p>				
Түскі ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. <i>(сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті)</i> Ас ішіп болғаннан соң бата айтуға қалыптастыру Тақпақ: <i>(Сөйлеуді дамыту – шығармашылық коммуникативтік әрекеті)</i> Сұрасаң бата берейін, Үстем болсын мерейің Ықыласпен қол жайсаң,</p>				

	<p>Ақ тілекті төгейін Дастарханым мол болсын, Уайым қайғы жоқ болсын. Денге саулық болсын Әумин! Рақмет апайлар! (мәдени дағдылар) Сөздік қоры: Рақмет!</p>
Күндізгі ұйқы	<p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p>
Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары	<p>Кешен № 24 (физикалық белсенділігін дамыту, музыка тыңдау – шығармашылық ойын әрекеті)</p> <p>Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Б. қ. қол белде: басты оңға, солға, алға, артқа бұру. - Б. қ. кезекпен оң қолды және сол қолды кезекпен көтеру. - Б. қ. оң жаққа және сол жаққа бұрылу. - Б. қ.: қолды аяқ ұшына жеткізу, бастапқы қалыпқа келу. <p>Бір орында жүру, ұйқы бөлмеден аяқ ұшымен шығады. Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>
Бесін ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу Мен жақсы тамақтандым, Сергекпін, күштімін. Көңіл күйім көтеріңкі, Өзімді жақсы сезінемін (сөйлеуді дамыту-қарым-қатынас іс-әрекеті). Бата: Сұрасаң бата берейін, Үстем болсын мерейің</p>

	<p>Ықыласпен кол жайсаң, Ақ тілекті төгейін Дастарханым мол болсын, Уайым қайғы жоқ болсын. Сөздік қоры: рақмет!</p>				
<p>Ойындар, дербес әрекеттер</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – (шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Құрлысшы» Міндеттері: Құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.(ересек топ) Сөздік қоры: сықырлауық аяз</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру (шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Аққала» Міндеттері: Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге айналдыра білу (ересек топ) Сөздік қоры: қыс мезгілі</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – (шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Қыс қызығы» Міндеттері: Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру.(ересек топ) Сөздік қоры:сықырлауық аяз</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру – (шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Құрлысшы» Міндеттері: Құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.(ересек топ) Сөздік қоры: сықырлауық аяз</p>	<p>Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру (шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеттері) (Балалардың қызығушылығы бойынша) Дид.ойын: «Аққала мен балалар» Міндеттері: Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу (ересек топ) Сөздік қоры:сырғанау</p>

<p>Баланың жеке даму картасы бойынша балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Математика негіздері (коммуникативті ойын әрекеті, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Тазалықтың достарын ата» Міндеті: тазалық бұйымдарын атау, санау. 5 жас</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Амангелді Нұрасыл 2.Аликеева Кристина 3. Байгарина Медина 4.Есет Дінмұхаммед 5.Беркен Елхан 	<p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет – коммуникативтік әрекет, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Ертегі кейіпкерлерін ата» Міндеттері: ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту. 5 жас</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Есмағанбетов Аңсар 2.Манжула Ксения 3.Мұхиден Даулет 4.Сивун Злата 5.Төлеген Айбике 6.Төлеген Асылым 	<p>Математика негіздері (коммуникативті ойын әрекеті) Дид.ойын: «Зейінді бол» Міндеттері: 8-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту 4 жас</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нұғыман Карим 2.Кекенов Ануар 3.Казиев Айдын 	<p>Математика негіздері, жапсыру (коммуникативті, шығармашылық ойын әрекет) Дид.ойын: «Топтағы жануарларды жұппен қою» Міндеттері: жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді меңгерту. 4 жас</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Пинекер Алиса 2.Зиядов Батырхан 3.Амангельдигов Ерсұлтан 	<p>Құрастыру (шығармашылық танымдық ойын әрекеті). Дид.ойын: "Желкендер" Міндеті:балаларды "үшбұрыш" пішінімен таныстыру, ойлау қабілетін дамыту. 5 жас</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Хайдар Райяна 2.Юдина Элина 3.Дмитриев Елизар 4.Жанайдар Аружан 5.Базарбек Ерасыл
<p>Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы</p>	<p>Қазақ тілі (коммуникативтік, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Адамдар мен көлік жүргізушілері» Міндеттері: Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру</p> <p>Есмағанбетов Аңсар Жанайдар Аружан</p>	<p>Құрастыру (шығармашылық, коммуникативті ойын әрекеті) Дид.ойын: «Ақшақарды жина» Міндеттері: көрнекі зейінді, кеңістіктік көріністерді дамыту.</p> <p>Есмағанбетов Аңсар Жанайдар Аружан</p>	<p>Құрастыру – (шығармашылық, коммуникативті ойын әрекеті) Дид.ойын: «Бұл қандай мезгіл» Міндеттері: Балаларды жыл мезгілдерін ерекшеліктеріне қарай атауға үйрету.Ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту.</p> <p>Есмағанбетов Аңсар Жанайдар Аружан</p>	<p>Математика негіздері (коммуникативті, ойын әрекеті) Дид.ойын: «Асықтармен ойындары» Міндеттері: асық ойын түрлерімен ойнау үйрету, санау.</p> <p>Есмағанбетов Аңсар Жанайдар Аружан</p>	<p>Сөйлеуді дамыту- (коммуникативті әрекеті) Дид.ойын: «Түлкі мен Қасқыр» Міндеттері: сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту.</p> <p>Есмағанбетов Аңсар Жанайдар Аружан</p>

Кешкі ас	<p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету. Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру. Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті) Нан қиқымын шашпандар, Жерде жатса баспандар. Теріп алып кастерлеп, Торғайларға тастандар. Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!</p>				
№ 2 серуенге дайындық	<p>Серуен №2. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту)</p>				
№ 2 серуен	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Міндеттері: қозғалыс координацияларын дамыту. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын: «Қар лақтыру». Міндеттері: ойын ережесін түсініп, шартын сақтап ойнауға, ептілікке, алғырлыққа баулу. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын «Қандай ағаш». Міндеттері: ойын шартын үйрету. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын «Шанамен сырғанау». Міндеттері: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p>	<p>Қоршаған ортамен танысу (зерттеу ойын әрекеті) №1 серуенді бекіту Қимылды ойын «Қандай құс». Міндеттері: құстарды сиппатау арқылы табу. Сөздік қоры: тез киіну (шешіну), жолдасына көмектесу</p>
Балалардың үйлеріне қайтуы	<p>Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу, тұмау ауруы бойынша кеңестер беру. Сөздік қоры: Сау болыңыз!</p>				

*17.02.2025 жылғы мектептің,
кеңес берілгені. Камалов Д.А*

